



Табысты ел болудың кепілі

Адамды да, қоғамды да алға жетелейтін құдіретті күш – білім. Шоқан Үәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп, өркендер есүі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деген қанаттың сезі күн сайын өз дәлелін тауып келеді.

Мемлекет басшысы да «Болашақта бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыты ретінде білімнің салтанат құруын маңызды деп санайды. Елбасының аталған мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсініү керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын үлт қана табысқа жетеді» дедінген.

Ата-бабамыз аңсаған азаттығымызды алдық, тәуелсіз ел болдық, білім мен гылым саласына да мемлекет тарағынан айтартылғатай қаржы бөлініп, біраз нәрселерге қол жеткіздік.

Білімді бірінші орынга қоятын ел қай кезде де көштің басынан көріне алады, табысқа да жете алады. Дегенмен, XXI ғасырдағы орын алғып отырган интеграциялық процесстердің орын алуы, адам өмірінің әр түрлі саласында ақпараттық технологияның үшкір дамып енгізілуі, адамдардың толықтанды білім алудың басқа да жолдарын ашты. Ол жолдар жастарымыздан қосымша тіл білу, сан түрлі ақпараттық технологияларды менгеруді қажет етеді.

Ел Президентінің рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, гылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен үлттың алға ілтерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш деп айтыуының магынасы да осында.

Қазіргі нарық талап етіп отырган бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда «алма піс, аузыма тұс» деп жатудың өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта отбасы мен ел болжағы үшін еңбек ету әркімнің міндегі.

Өмірінде үлкен табысқа жеткен Америкаңдық атақты өнертапқыш Генри Фордтың «Табыс негізінен күтіп отырган адамға емес, бос отырмаған адамға ғана келеді» деген жаксы сезін де мысалға алуға болады, сондай-ақ, қазақ «Еңбегің болмаса елге өкпелеме, ықтасының болмаса желге өкпелеме» дегендегі, әр адам ашық санамен, яғни санасын жаңғыртып, өзгерістерден қорықпай еңбек қылғанда ғана оның нәтижесін көреді.

Сондықтан мемлекетіміз алға қойып отырган міндегілерді орындаға бүкіл халық болып жұмылмасақ, жастарымызды еңбексүйгіштікке тәрбиелеп, заман талап етіп отырган сандық технологиялар мен қажет тілдерді менгеріп, білімнің шыңына жеткен уакытта ғана табысты ел болуымыздың кепілі бола аламыз.

**К. ЕДРЕСОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
«Қазақстан тарихы, құқық
және экономика негіздері» кафедрасының аға оқытушысы.**